

І ТУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июль Жұма

|| жеке саны 20 тыйын.
Шығуына 33 жыл

Облысымыздың еңбекшілері ұлы көсемге жазған хатта алған міндеттемелерін аброймен орындап шыға алады. Ал, жергілікті Советтер өз жұмыстарын барлық жағынан да жақсартта түсіп, хатта алынған жаңа міндеттемелер талабына сай жұмыс істейтін болсын.

МЫСЫ болсын

пен байланыс та на-
ндағы Александров-
дағы Ленин, Полу-
во- Георгиевск ауыл-
ң депутаттары өз
нда осы уақытқа де-
рген емес.

нің кәзіргі кезеңде
ырган абройлы мін-
үшін кемінде біржа-
т қорын жасау, егін
зірлену болып табы-

қорын дайындаудың
нің шешуші айы.
пты және зор міндет-
барлық партия, со-
шылық, ұйымдасты-
сартта түсіп, жаңа
а сай жұмыс істеуін

ілерінің совет хал-
талин жолдасқа жаз-
індеттемені аброймен
барған сайын кәң
алистік жарысы жер-
ры басшыларына аса

Теміржолшылар күні қарсаңында

Графиктен озғандар

Петропавл теміржолшыларының теміржолшылар күні құрметіндегі социалистік жарысында машинистер алда келеді. Локомотив жүргізушілер диспетчерлермен, поезд және паровоз бригадаларымен бірлесе отырып, әрқашан поезд жүргізудің графигінен озуда.

Машинист Ануфриев соңғы бір сапарға шығар алдында ауыр салмақты составты Петропавл станциясында қабылдады да нормадағыдан тиелген жүктің 800 тонна артық болуына қарамастан оны Макушино станциясына графикте көрсетілгеннен 56 минут бұрын жеткізді.

Мереке қарсаңындағы жарыс күндерінде ауыр салмақты составтар жүргізуші машинистер жол және кей уақытты ұту үшін күресті ойдағыдай жүргізу нәтижесінде бөлімше бойынша жол жүру графигінің мүлтіксіз орындалуына келелі үлес қосып жүр. Озат машинистер Тезиков, Печенкин, Герасимов және басқалары үнемі ауыр салмақты составтар жүргізеді.

К. МАРАЛОВ.

Аудандардың жемшөп дайындаудағы жарысы

ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫ МЕН СОВХОЗДАР ТРЭСІНІҢ
16 ИЮЛЬГЕ ДЕЙІНГІ МӘЛІМЕТІ

(Процент есебімен)

Аудандар	Шабыл- ған алаң	Маяла- ған шөп	Шөп сүрлеу
Конюхов	48,2	8,6	3,2
Ленин	47,3	15,3	2,2
Петропавл	41,1	11,1	5,5
Полудень	39,6	11,4	17,8
Преснов	39	20,3	2,7
Мамлют	37,6	12,8	8,8
Совет	35,2	13,3	—
Булаев	34,2	8,5	—
Приешім	34	16,2	10,2
Соколов	33,9	11,3	21,2
Октябрь	29	14,4	—
Облыс совхоздары бойынша	50,9	18,9	3,6

Өткен бескүндікте аудандардың барлығында дерлік шөп шабу, маялау және шөп сүрлеу жөніндегі бескүндік тапсырманың орындалуы мүлдем қанағаттандығысыз болды. Шөп шәбуда бұрын алда келе жатқан Ленин ауданының колхоздары бескүнде 7,3 процент ғана өсім беріп, аудан бірінші орыннан екінші орынға түсіп қалды. Ал, бескүнде 9,2 процент өсім

келеді. Сөйтіп, олар шөп шабу мен маялау жұмыстарының қарқынын күшейтуге қолда бар күш- мүмкіншіліктерді жаппай жұмылдыру міндетін жүзеге асырудан тыс қалып жүр.

Облыс колхоздарында шөп шабу қарқыны қаншалықты баяу болса, шабылған шөпті маялаудың барысы да сондай. Әңгіме, көп аудандардың колхоздарында шөпті шабу мен маялаудың арасында зор алшақтық бар екендігі жөнінде болып отыр. Шабылған шөпті маялауда, әсіресе, Булаев, Конюхов, Соколов, Петропавл, Полудень және Мамлют аудандарының колхоздары өте- өте артта келеді. Бұл аудандарда барлық шабылған шөптің 8—11 проценттейі ғана маяланды.

Кәзір, июль айы — қоғамдық мал шаруашылығы үшін шөп сүрлеудің аса жауапты және ең қолайлы мерзімі. Алайда, бұл мәселеге жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз, МТС және совхоз басшылары күні бүгінге дейін жете маңыз бермей келеді. Осының салдарынан, облыс колхоздары мен совхоздарында шөп сүрлеу ойсыраған олқылыққа ұшырап отыр. Демек, Булаев, Октябрь, Совет аудандары-

Егін жыйнауға үлгілі
әзірленейік!

Жан-жақты әзірлік

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа берілген сертті аброймен орындай отырып, Октябрь ет-сүт совхозының егіншілері де үстіміздегі жылы егін алаңының барлық участогінен мол өнім өсіруде. Сондай-ақ мол егінді жыйнауға әзірлік жұмыстарын да қызу қарқынмен жүргізуде. Совхозда комбайнды жөндеу бірер күнде толық аяқталмақ. Кәзір барлық 20 комбайннан 18 комбайн сапалы жөндеуден өткізілді. Жөндеу сапасын қабылдау комиссиясы ойдағыдай деп бағалады.

Комбайндарды жөндеуде комбайншы Жұсыпов және Радченко жолдастар күнделікті тапсырманы үнемі асыра орындап, стахановтық еңбек үлгісін көрсетті, жөндеу шығынын едәуір кемітіп, жүздеген сом мемлекет қаржысын үнемдеді.

Сондай-ақ ұста Лосев Яков жолдас та күнделікті тапсырманы үнемі 150—175 проценттен орындап келеді. Комбайндармен бірге совхозда жай және жабық қырманарды жөндеу аяқталды. Кәзір 8 қырман жөнделіп, тазартылды. Үстіміздегі жылы астық тазарту, кентіру тағы басқа жұмыстар комплексті түрде

ұсақ- түшек жұмыстарды атқарумен ғана келеді. Осы сыяқты нашар басшылықтың салдарынан бұл Совет қамтыттын колхоздарда өткен мал қыстату маусымында мал азығының қыс аяғына дейін жетіспей қалуы, малдардың шығынға ұшырауы сыяқты фактілері де кездескен еді.

Осы аудандағы Рябкинск селолық Советі де өз жұмысын қанағаттансыз жүргізіп отыр. Мұнда Совет жұмысының негізі болып саналатын ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстары нашар жүргізіледі. Өткен жарты жыл ішінде Советтің бірде-бір тұрақты комиссиясы ешқандай жұмыс жүргізген жоқ. Мұнда жұмыс жоспарсыз жүргізіледі. Сол сыяқты, колхоз активта-

Жас мамандардың үлесі

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағанды көмір бассейнінің жас мамандарының жыйналысы болды. Еліміздің үшінші көмір кенінің өркендетуге жас инженерлер мен техниктердің қатысуы туралы облыстық партия комитетінің секретары Абабков жолдас баяндама жасады.

Жас мамандар шахталарда, көмір разрездерінде, бассейнің құрылыстарында жан-қиярлықпен еңбек етуде. Инженер Кийков жолдас № 35 шахтадағы күрделі жұмыстар участогін басқарып, кен жұмыстарын шапшаң жүргізуді ұйымдастырды. Участок жоспарын екі есе асыра орындайтын болды. Жас техник Самохин жолдас № 31 шахтада көмір шығарудың циклдік графигін енгізді. Инженер құрылысшы Зай-

Советтер үнемі тексеріп отыру керек.

Өл-ауқат күйі жақсарған еңбекшілердің мәдени тілегі де арта түсуде. Олар кәзір ауыл, селоларда сәулетті клуб, таза монша, оқу үйлерінде жақсы кітаптар болуын, үзбей кино көрсетіліп тұруын талап етеді. Жергілікті Советтер халықтың осы мәдени тілегін орындау ісіне де ерекше назар аударуы керек.

Облысымыздың еңбекшілері ұлы көсемге жазған хатта алған міндеттемелерін абыроймен орындап шыға алады. Ал, жергілікті Советтер өз жұмыстарын барлық жағынан да жақсартып түсіп, хатта алынған жаңа міндеттемелер талабына сай жұмыс істейтін болсын.

цев жолдас екі қабатты үй салуда жаңа конструкцияны ағаш материалдарын қолданды. Мұның өзі ағаш материалдарының шығынын едәуір азайтты.

Горький атындағы шахтаның бас инженерінің көмекшісі Казаков, құрылыс басқармасының өндіріс бөлімінің бастығы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Жеревцов, № 1—2 көмір разрезі участогінің механигі Әкіжанов және басқа жолдастар сөз сөйлеп, Шахтер күнін лайықты табыспен қарсы алу, Қарағанды көміршілерінің Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа жас мамандардың қалай қатысып отырғаны туралы айтты.

Транспортерлі шөмеле лақтырғыш

БӨРЛІ. (Батыс Қазақстан облысы), (ҚазТАГ). Бөрлі ауданының Ленин атындағы колхозының шабындығында Бөрлі МТС-нің аға механигі Скобелькин жолдасының басшылығымен бір топ механизаторлар транспортерлі шөмеле лақтырғыш жасап, ол ойдағыдай қолданылуда.

Транспортер шағын трактор арбасының үстіне орнатылған қой қыркатын электр агрегаттың генераторынан қуат алатын электр моторымен айналдырылады. Бұл

шөмеле лақтырғышқа бір тракторшы, транспортерге пішен салып тұратын екі адам және маядағы шөпті дұрыстап тұратын екі адам жұмыс істейді. Олар осындай транспортердің көмегімен таңатқаннан күн батқанша мың центнерден аса пішен маялайды.

Кәзір станцияның механизаторлары Молотов атындағы, Тельман атындағы және басқа ауылшаруашылық артельдеріне де осындай шөмеле лақтырғыш әзірлеуде.

Қалаушы Васильев, Шукатур Клевцов жолдастар және басқа көптеген құрылысшылар әрбір сменана үнемі біржарым нормадан орындайды.

сы. Қос үшін ұрандармен және шамастармен безендірілген. Бір ұран былай жазылды: «Социалистік жарыс айтады: Біреулер жұмысты нашар істейді, екінші біреулер жақсы істейді, үшінші біреулер одан да жақсы істейді, — ең жақсыларды

орындадық арасында ал Ал, кәзір жоспары оры



ТУҒАН елім

Еділ — Дон каналында кемелер жүрі

Жаңа су магистралі—В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналы арқылы жолаушы кемелерінің үздіксіз жүріп-тұруына әзірлік аяқталып келеді.

26 июльде, Москвадан Химкин өзен вокзалындағы кеме тоқтайтын жерден Дондағы Ростовка алғашқы жолаушы кемесі — «Совет республикасы» кемесі жөнеледі. Сол күні Дондағы Ростовтың пристаніне астанаға «Радищев» кемесі жөнеледі.

Өзен флоты министрлігі жаңа су жолы бойынша кемелерді бекітті. Бұл жүріп-тұратын Ростов және кеме канындағы Москвадан Д бір рет жолау маңындағы ж қамту үшін « ген.

Жаңа жерлер менгер

КОРФАНТӨБЕ. (Тәжік ССР), 15 июль. (СОТА). Тәжікстандағы Куйбышев атындағы ең ірі мақта шаруашылығы совхозы жаңа жерлерді менгеру жөнінде үлкен жұмыстар істеді. Қызыл Қалың қыратының мәңгі бойы топырағы ұшып жататын жерінде қуатты 10 экскаватор суландыру каналын қазуда. Жуырда алғашқы 200 гектар жер суарылды. Жыл аяғына дейін тағы да мың гектар жер суарылады.

Шөл даланы де. Жаңа жұ Мақта өсіруші ры жана пәте

Мытищада Москваның негізін салушы Юрий Долгорукийге бронзадан ескерткіш жасалуда.

СУРЕТТЕ: П. Светиков (сол жақта) және Н. Кузнецов жолдастардың ескерткішті өңдеп тұрған кезі.

(СОТА-ның фотохроникасы).

ПОЛЕСЬЕДЕГІ ЕГІН ОРАҒЫ

КОМАРИН, (Полесье облысы). Комарин ауданы ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары Полесьеде бірінші болып күздік дақылдарды өріктеп әруға кірісті.

(СОТА).

КОМБАЙНШЫЛАРДЫҢ СТАХАНОВТЫҚ

ГЕОРГИЕВКА, (Жамбыл облысы). хановтық вахт «Путь Ленина» колхозының 4 мың гектар егіні Ульяновск МТС-нің 10 комбайнымен жанар маймен жыйналуда. Еділ—Дон кеме қатынасы құрылысының аяқталуы және каналдың В. И. Лениннің есімімен аталуы жөніндегі да. гектарынан 24 да.

МЫСЫ

інің IV пленумы

шаруашы-
еналдымен
ардың мал
сағандығы-
тасыз етіл-
ашылықта
аяндаманы
комитеті
ру комитеті
омитетінің
іналі екен-
ен олқы-
ғылы мал
індегі мем-
жолдасқа
емелі аб-
р елеулі
ай елеулі
ы өткізу,
лдың та-
лім-жітімге
іюп дайын-
гал қорала-
налады.
совхоздарда
қажеттігі-
кіншіліктің
теген қол-
аруашылы-
ттанғысыз.
хоздарында
ігін артты-
мей келеді.
да болса,
рда са-
і жүн мөл-
мал шар-
ерек ететін
мәселесіне

беруге көмек көрсету мәселесін көтерді.

Петропавл совхоздар тресінің директо-
ры **Зинченко** жолдасның сөзі пленумға
қатысушыларды қанағаттандыра қойған
жоқ. Ол мал қыстатудың совхоздарда қа-
нағаттанғысыз өткізілгендігіне және мал
шаруашылығын өркендету жоспарының
ойдағыдай орындалмай отырғандығына то-
лып жатқан фактілер келтірумен тынды.
Ал, совхоздардың мал шаруашылығын өр-
кендетуге байланысты негізгі және шешу-
ші мәселелер жөнінде жұмған ауызын аш-
қан жоқ.

Жарыссөзге шыққан облыстық ауыл-
шаруашылық басқармасының бастығы
Омельяненко жолдас өзінің сөзінің көші-
лігін мал шаруашылығын өркендетудің
және оның өнімділігін арттырудың негізі
болып саналатын берік жемшөп қоры жа-
сау мәселесіне арнады. Ол жемшөп дай-
ындауды қарқынсыз ұйымдастырғын
отырған кейбір колхоз және МТС басшы-
ларын сынады.

—Жылдан-жылға, — деді **Омельяненко**
жолдас, — облыс колхоздары көп жылдық
шөптер егісінің жоспарын орындамай келе-
ді, өйткені, оларда шөп егісіне жете мән
берілмейді. Осының салдарынан колхоз
малына құнарлы азық жыл сайын жет-
кіліксіз дайындалып жүр. Колхоздардың
басым көшілігінде шабындықтар мен жа-
йлымыдықтарды баптау нашар.

ССРО дайындау министрлігінің облыс-
тағы өкілі **Маслов** жолдас пленумға қаты-
сушылардың назарын мемлекетке сүт,
жүн және ет тапсыру жоспарының орын-
далуы қанағаттанғысыз екендігіне аудар-
ды. Ол малдың өнімділігін арттыруға ба-
ғыттан колхоздар мен совхоздардың еш-
қандай шараларды жүзеге асырмайтынды-
ғына нақтылы мысалдар келтірді. Пресе-

ИСКУССТВО ШЕБЕРЛЕРІНІҢ КОНЦЕРТІ

Осы жылғы 15—16 июльде, Петропавл-
дың мәдениет және демалыс паркіндегі
жазғы театр үйінде қазақтың Абай атын
дағы Мемлекеттік Академиялық Опера
және Балет театры артистерінің концерті
болды. Концертке Қазақ ССР-нің халық
артисті, Сталиндік сыйлықтың лауреаты
Әнуэрбек Үмбетбаев, Қазақ ССР-нің ха-
лық артистері Ришат және Мүслім Аб-
дуллиндер, республиканың еңбегі сіңген
артисті Серғали Абжанов сыяқты искусство
шеберлері де қатынасты.

Астана артистерінің бұл концерттері зор
табыспен өтті. Искусство шеберлері де, сол
сыяқты, концертке қатынасқан жас артис-
тер де өздерінің жұртшылық алдындағы
жауапкершіліктерін жете түсініп, концерт-
ке тыңғылықты әзірленгендіктерін көрсетті.

Концертте, әсіресе, ағайынды Абдуллин-
дер айырықша көзге түсті. Олардың ре-
пертуары негізінен совет өмірі, бейбітшіл-
лік тақырыбына арналған шығармалардан
құрылған. Абдуллиндер әрбір әнді шебер
орындап, тыңдаушыны сүйсіндіріп қана
қоймай, өздеріне тарта білді. Олардың
орындауындағы композитор А. Новиков-
тың ұлы Сталинге арнаған әні әрбір тын-
даушының өз жүрегінен данышпан көсе-
міне айтылған алғысындай болып әсер ет-
ті. Олар композитор Блантердің «Тау
сыртында күн батты» әнін орындағанда
әншілердің өлеңінің мазмұнына сәйкес
қыймыл-құбылысынан, айқын аңғартқан
ішкі сезімінен, орынды дауыс құбылыста-
рынан батыр совет солдаттың бейнесі
айқын көрінді. Мүслім Абдуллиннің өзі
жеке орындаған қазақтың халық әні «Үкі-
лім -ай» және татардың халық әндері де
көңілдерідей шықты. Абдуллиндердің твор-
честволық өсу жолындағы әншілер екенді-
гі сөзсіз.

Әнуэрбек Үмбетбаев орыстың, қазақтың
және татардың бірнеше әндерін орында-
ды. Сөз жоқ, оның әншілік шеберлігі
жұртшылықты сүйсіндірді. Бірақ, опера-
мыздың көрнекті дарынды әншісінің қол-

рылып, жаңармағанына қынжыламыз.

Т. Адиходжаева — опера театрының
жас әншісі. Артистка шып мәніндегі опера
әншісі дәрежесіне жете қоймағандығына
қарамастан, өзінің творчестволық іздену
жолында екендігін көрсетті. Әншінің аса
ауыр, үлкен ария болып есептелінетін,
композитор Пуччинидің «Чио-чио-сан» опе-
расындағы Беттерфляйдің ариясын оның
мазмұнын аша, ашық дауыс, мәнерлі
ән әуезімен орындап беруі бұл пікірімізді
толық дәлелдейді.

Биші К. Қарабалинова халық компози-
торы Тәттімбеттің күйіне құралған би-
ді шебер орындады. Қарабалинова бұл би-
ді шебер орындауы арқылы өзінің белгілі
жүйемен арнаулы би мектебінен өткен
дарынды биші екендігін аңғартты.

Республиканың еңбегі сіңген артисті С.
Абжановтың орындауындағы Біржанның
«Жамбас сыйпар», Исаның «Желдірме» та-
ғы басқа бірнеше халық әндері жұртшы-
лықтан тауір баға алды. Алайда, айта кет-
етін бір жағдай—Абжановтың репертуары-
ндағы кейбір әндер әншінің дауыс ерек-
шелігіне лайықталып алынбаған. Сол
сыяқты, әншінің бір кемшілігі — оның ән
салғанда кейде жалаң, күлкілі көңілділік-
ке салынуы салдарынан кейбір әндердің
характері өзгеріп кеткен.

Концертке қатынасқан жас скрипкашы
А. Фарбердің орындау шеберлігіндегі кей-
бір кемшіліктеріне қарамастан, оның ком-
позитор П. Чайковскийдің «Орыс бин»
мейлінше әсерлі орындағандығын атап өту
қажет.

Астана артистері —искусство шеберле-
рінің концерттері Петропавл қаласының
мәдени өміріндегі елеулі оқиға.

Пікірімізді қорыта келе, искусство ше-
берлерінің творчестволық шеберлігін арт-
тыра беруіне тілектестік білдіреміз.

Қ. ҚАНҒОЖИН,

Москваның А. В. Луначарский атында-
ғы Мемлекеттік театр искусствосы

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 16 июль. (СОТА). Корея
Халық -Демократиялық Республикасы Хал-
лық армиясының Бас командованиесі бү-
гін Корея Халық армиясы құрамаларының
қытай халық еріктілерімен тығыз бірлесіп
қыймыл жасай отырып, қорғаныс ұрыста-
рын жүргізгендігін хабарлады.

Шығыс майдандағы участоктердің бі-
рінде дұшпан авиацияның және артилле-
рияның қолдауымен ұзақ күннің бойына
кескілескен атакалар жасады. Бірақ,
Халық армиясы бөлімдерінің қарсылығына
кездескен дұшпан шығындарға ұшырап,
шегінді.

Кеше Халық армиясының бөлімдері Ба-
тыс жағалауда десанттар түсіріп, бейбіт
елді пункттерге шабуыл жасауға әрекеттен-
ген дұшпанның бір ротасын толық жо-
йып жіберді.

Бүгін зенит бөлімдері тылдағы аудан-
дарға шабуыл жасауға қатысқан дұшпан-
ның бір самолетін зияндады және тәрт
самолетін атып түсірді.

АНДРЭ СТИЛЬДІ ЖӘНЕ БАСКА
ФРАНЦУЗ ПАТРИОТТАРЫН БОСАТУ
ҮШІН КҮРЕС

ПАРИЖ, 15 июль. (СОТА). «Юманите»
газетінің хабарына қарағанда, бүкіл Фран-
цияда Андрэ Стильді және басқа француз
патриоттарын тезінен босатуды талап ет-
кен петицияларға қол қойдырылуда. Мә-
селен, Париждың 5 және 6-округтерінде
француз әйелдері одағының федерацияла-
ры осындай талапқа қол қойып, республи-
ка президентіне және ұлттық жыйналысқа
делегациялар жіберді.

Сол газеттің хабары бойынша, полиция-
ның тыйым салғанына қарамастан, кеше

ашып, Исаков жолдас ауданға қосымша шабындық бөлу және мал шаруашылығының мамандары жөнінде көмек көрсету мәселесін көтерді.

—Преснов ауданының партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, — деді Преснов аудандық партия комитетінің секретары **Долженко** жолдас, — мал шаруашылығына басшылықты үздіксіз жетілдіре түсуде, малшаруашылық кадрларын іріктеу және тұрақтандыру мәселесімен күнбе-күн шұғылдануда. Кәзір аудан колхоздарының мал фермаларында 80-ге таяу коммунистер жұмыс істейді. Малшаруашылық қызметкерлерінің жиі-жиі кеңестері өткізіледі, олардың арасында баяндамалар жасалып, лекциялар оқылады, әңгімелер өткізіледі. Мал фермаларында қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктар шығарылады.

Соңғы үш айымыз жыл ішінде ауданда мал саны едәуір өсті. Колхоздарда мал шаруашылығын оған сайын өркендету үшін мүмкіншіліктер көп.

Мойындау керек, — деді Долженко жолдас, — мал шаруашылығында әлі де болса кейбір кемшіліктер бар. Кейбір колхоздарда мал шығыны кездеседі, малдың төл есебінен өсуі мардымсыз, сол сияқты, мал шаруашылығының өнімділігі де төмен. Бұл кемшіліктерді жою үшін біз кәзір тиісті шаралар қолданып жатырмыз.

Ол облыстық тұтынушылар одағы мен ауыл шаруашылығын жабдықтау мекемесінің жұмысын әлі сынады. Өйткені, олар түрлі ыдыстар, қосалқы бөлшектер және басқалары жөнінде колхоздарға тиісінше көмек көрсетпейді. Шынында бұл мекемелердің басшыларынан өздеріне тапсырылған жұмысқа мемлекет тұрғысынан қарауды талап ететін мезгіл жетті.

Мінбеде Преснов ауданындағы «Талапкер» колхозының председателі **Нурмолдин** жолдас. Ол колхозға аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің мамандары тарапынан

шөп жөнінде колхозда тапшылық көріп, мұның ақыры малдың жүдеуіне, тіпті шығын болуына әкеліп соқты. Екінші бір мәселе, ауданда малшаруашылық кадрлары арасындағы жұмыс күні бүгінге дейін қанағаттанғысыз.

—Кәзір, — деді Красовский жолдас, — аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитеті жемісін дайындау қарқынын күшейту, мал қыстатуға тыңғылықты әзірлену, және мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын сөзсіз орындау мәселелерімен күнбе-күн шұғылдануда.

Ленин аудандық атқару комитетінің председателі **Бірімжанов** жолдас та аудандық партия, совет ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді мойындады. Бірақ, ол аудандық партия комитеті мен Совет аткомінің өткен мал қыстату маусымының қанағаттанғысыз өткізіледігінің зардабын жою жөнінде қандай шараларды жүзеге асырып жатқандықтары жөнінде ештеңе айта алмады.

Облыстық есеп-санақ басқармасының бастығы **Есляев** жолдас өзінің сөзін колхоздарда малдардың есебін дұрыс жүргізу мәселесіне арнады.

Киров атындағы астық совхозының директоры **Дьяченко** жолдас өзінің сөзінде шошқа шаруашылығын өркендету мәселесінде облыстық совхоздар тресінің тиісті көмек көрсетпей жүргендігіне, тресінің совхозға қосымша шабындық жер бөлу жөніндегі көмегінің де жеткіліксіз болып отырғандығына тоқталды.

Шағыл МТС-нің директоры **Филиппов** жолдас жемісін дайындауда колхоздарға МТС тарапынан көрсетіліп жатқан көмектер жөнінде айтты. Сонымен бірге, ол МТС-тің жемісін дайындау жұмыстарын механикаландыру жөнінде колхоздарға көмегінің әлі де жеткіліксіздігін мойындады. Сонымен бірге, ол МТС қамтуындағы колхоздарға құрылыс материалдарын жі-

деттемелерді сөзсіз орындау жолындағы нақтылы міндеттерге тоқталды.

Сөз село және колхоз құрылысы облыстық басқармасының бастығы **Иванов** жолдасқа берілді. Ол өзінің сөзін мал қораларын салу мәселесіне арнады.

Булаев аудандық атқару комитетінің председателі **Гагарина** жолдас аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің ауданның мал шаруашылығындағы орын алып отырған кемшіліктерді жоюға бағыттап қабылдаған шаралары туралы айтты. Бұл ауданда мал шаруашылығын өркендету жоспары қанағаттанғысыз орындалды. Өйткені, аудандық партия комитеті мен атқару комитеті колхоз және совхоз мал шаруашылығын өркендетуге үздірт басшылық жасады. Мал шаруашылығына тиісті көңіл бөлмей отырған колхоз, сол сияқты, совхоз басшыларына ымырашылдық етті. Мал өсіруші кадрларды дұрыс іріктемеді және таңдаулы мал өсірушілерді фермаларға тұрақтандыра білмеді. Сондай-ақ мал өсірушілер арасында жүргізілетін үгіт-бұқаралық жұмыс өз дәрежесінде емес.

Гагарина жолдас өзінің сөзінде совхоздар тресінің директоры **Зинченко** жолдасы сынады. —Зинченко жолдас, — деді ол, —совхоздарға қолма-қол және жедел басшылық жасамайды, кейбір мәселелерді шешерде аудандық ұйымдарды еске алмайды, олардың пікірімен және кеңесімен санаспайды.

Пленум соңында облыстық партия комитетінің секретары **Бобров** жолдас сөз сөйлеп, партия, совет және ауылшаруашылық орындарының, колхоз, совхоз, МТС басшыларының және бастауыш партия ұйымдары секретарьларының алдында тұрған нақтылы міндеттерге тоқталды.

Жарыссөзде барлығы 17 адам шығып сөйледі.

Пленум талқыланған мәселе жөнінде тиісті қаулы алды.

Болашақ мамандар

Петропавлдағы колхоз кадрларын даярлайтын мектеп социалистік ауылшаруашылығымыз үшін көптеген маман кадрлар даярлап беруде. Кәзір мектепте оқу ойдағыдай жүргізіліп отыр.

Бірінші курстың 3 бөлімінде оқу сапалы ойдағыдай. Балабеков, Серғалиев, Жұмабеков және Жұнысов сияқты тыңдаушы-

лар өздері оқуды өте бірге, басқаларға үнемі отырады.

Кәзір тыңдаушылар үшін емтихан тапсыру жүр.

ПИОНЕРЛЕР ЛАГЕРІ

Соколов ауданындағы Налобино және Дубровное селоларында үш пионер лагері жұмыс істейді. Жазғы маусым ішінде бұларда 300-ге жуық пионерлер мен оқушылар дем алады.

Лагерьлерде оқушылардың дем алуы үшін қажетті жағдайдың барлығы жасал-

ған. Оларда физкультура хана жабдықталған.

түрлі қызықты ойындар

Аға пионер вожатыйлімдердің басқаруымен у саяхаттарына, экск

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ МҮҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ

төрт бұрышты штампы жоғалды. Осы жылғы 25 июньден бастап бұл штампты қойылған қатынастар анық деп есептелмесін.

ТЕЗ АРАДА ТҮПКІЛІКТІ ЖҰМЫСҚА

инженер-құрылысшы, прораб делятник, темір жол мастери, жүк тиеушілер және құрылысшы жұмысшылар керек.

Жұмыс бабы жөнінде күн сайын сағат 8-ден 18-ге дейін немесе 3-35 телефон арқылы кадрлар бөлімінен білуге болады.

ШӨП БАЙЛА МОТОРШЫЛАР

Жұмысқа қабылдану тер үймен қамтамас бекақы смета бойын Адрес: Ипподромда «Заготсено».

ТҮПКІЛІКТІ

жүк тиеушілер керек

Жұмысқа кіреміздік «АВТОТЭ» (элеватор жанында) тында келіп, түсінік алады.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ «ПРОКАТ» БӨЛІМІ

облыс экрандары деген көркемсуреттілім көрсете бастай

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім